



Автор: Талдыкбаева Айгуль Сериковна

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Өзім туралы

Тақырып: Сыныптағы танысу.Сөйлем.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну 1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту 1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну
Сабақтың мақсаты:	Барлығы:Жаңа білімді меңгереді. Көбі:Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды. Кейбірі: Алған білімді өмірде қолдана алады.
Тілдік мақсаттар:	
Күтілетін нәтиже:	
Бағалау критерийлері:	Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Аудиожазба , таныстырылым.
Пәнаралық байланыс:	Өнер, ана тілі сабағы
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Бала, бала, балапан Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. Бала, бала, балапан Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. - Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!	Шаттық шебері
Сабақтың ортасы (8 минутСабақтың ортасы 1 минут)	№1 Бүгін бір-біріңмен танысасыңдар. Өздерің сияқты оқушылардың танысқан кезінде не айтқанын тыңда. №2 Көңілді танысу. Әр шардағы суреттің көмегімен балалардың атын тауып көр. Дәптермен жұмыс Тарсылдатпай еденді Орнымыздан тұрып ап Жүгірейік бір уақ. Бір, екі, үш, бір, екі, үш. Аяқты алға созайық Тік көтеріп, қозғайық. Тым сылбыр да болмайық Алға қарай озбайық. Бір, екі, үш, бір, екі, үш.	Таныстырылым, оқулықпен жұмыс
Сабақтың соңы (16 минут)	Жаттығу «Менің алдыға қойған мақсатым» Шарты: Қатысушылар өздерінің алдыға қойған мақсаттарын айтып, сол мақсатқа қалай жету үшін не істеу керек екенін айтады. Уақыт 3 мин. беріледі. Жаттығу гимнастика «КЕЗДЕСУ» Шарты: Екі дос көптен бері көріскен жоқ. Екі достың кездесуі арманы болған. Ал, енді сендерге тапсырма, мына екі достың кездесуін , елестетіп көрсетулеріңізді сұраймын	
Рефлексия (2 минут)	Рефлексия Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді бас бармақ саалынған суреттер арқылы бағалау.	Бас бармақтар